

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Шавкат Мирзиязевтың төрағалығымен 18 апрель күні жаһандық экономикалық күйзелістердің салалар мен тармақтарға әсерін азайту шаралары талқыланған бейнеселектор мәжілісі өтті.

Өзбекстан экономикасы әлемдік экономиканың құрам-дас бөлігі. Ұтымды сыртқы са-рјасат пен қолайлы инвестиция-лық ахуалдың нәтижесінде кәсіпкерлеріміз үшін жаңа на-рықтар ашылып, өнім түрлері көбейіп келеді.

Гарвард университетінің тал-дауына карағанда, Өзбекстан-ның “экономикалық күрделілік индексында” орны соңғы бес жылда 25 сатыға жақсарған. Ұлттық өніміміздің 162 түрі “әлем-дік нарықта бәсекеге қабілетті” деген бағаға ие болды.

Соның нәтижесінде соңғы жылдары еліміздің экспорты 2,2 есеге артты. Сыртқы сауда ай-налымы жалпы ішкі өнімнің 57 пайызына жетті. Бұл экономика-мыздың сыртқы базарға қанша-лықты тәуелді екенін көрсетеді. Бірақ қазір әлем бұрынғыдай емес. Өзгеретін қарым-қатынас-тар, әртүрлі тарифтер мен шек-теулер басқа мемлекеттерге қатты әсер етіп, әлемдік эконо-миканың баяулауына және халы-қаралық сауданың құлдырауына әкеледі.

Мәселен, үш-төрт күнде халы-қаралық қаржы базарында 10 триллион доллар жоғалды. Жо-ғары тарифтер нәтижесінде ха-лықаралық сауда көлемі 3,5 триллион долларға төмендейді, ал әлемдегі инфляция деңгейі 7,5-8 пайызға артады деп бол-жануда.

Ең үлкен қауіп — пандемия кезіндегідей бүкіл әлем бойын-

ша қамту және күн тізбегіндегі үзілістер. Бұл жағдай, әсіресе жаһандық экспортта үлесі жоға-ры тоқыма, электротехника, ав-токөлікжасау және азық-түлік өнеркәсібі сияқты жетекші сала-ларға әсер етуі мүмкін. Нәтиже-де бәсеке бұдан да қатал әрі тар-тысты болады.

Президент мұндай жағдайда тек өз күшімізге, ішкі мүмкіндік-терімізге сүйеніп, батыл қадам жасау керектігін қадап айтты. Әрбір министрлік, сала, облыс басшылары нақты жоспар құрып, өндіріспен, экспортпен жеке айналысуы керектігі баса айтылды.

Ол үшін мемлекет тарапынан қажетті құқықтық, ұйымдастыру-шылық және практикалық шара-лар қабылдануда. Осы мақсат-та жуырда 3 мыннан астам кәсіп-кермен кездесіп, олардың мәсе-лелері үйренілді. Ен жиі көздесе-тін мәселелер стандарттар мен сертификаттау жүйесіне қатысты болды.

Еліміздегі 25 мыннан астам стандарт пен 41 техникалық регла-мент халықаралық базар талаптарына сәйкес келмейді. Бұл ескірген талаптар мен әміршіл-дік кәсіпкерлердің “қолын бай-лау” болып, жемқорлыққа жол береді. Ол адамдарды шатасты-рады, өйткені бірнеше сертифи-каттау тәжірибесі әлі де жалға-суда.

Инвесторлар біздің көптеген зертханаларымыз талапқа сай емес, дамыған елдердің стан-

дарттары мойындалмаған дейді. Немесе керісінше, біздің зертха-налардың нәтижелері шетелде мойындалмайды. Сондықтан экспорттаушылар сертификат алу үшін үлгілерін шетелдерге жі-беруді.

Қолданыстағы жүйеде серти-фикаттау органдары нарықты қадағалауды да жүргізеді, бұл мүдделер қактығысына әкеледі.

Жиналыста осындай түйткілді мәселелерге талдау жасалып, кәсіпкерлердің ұсыныс-пікірлері-не сүйене отырып, кәсіпкерлікті дамыту, сауда-өнеркәсіптік сая-саттың тиімділігін арттыру мақ-сатында Президент Жарлығына қол қойылғаны айтылды.

Осы жарлықта техникалық реттеу, санитарлық-эпидемиоло-гиялық, ветеринарлық, карантин-дік органдардың өнімге қорытын-ды беру өкілеті нақты айқындал-ды. Кайталанатын тәртіптер кезең-кезеңімен алынып таста-лады.

Мәселен, азық-түлік өнімде-рінің сапасы мен қауіпсіздігін қадағалау тек Санитарлық-эпи-демиологиялық қауіпсіздік және қоғамдық денсаулық комитетіне жүктелген. Азық түлік өнімдеріне қатысты міндетті техникалық ре-гламенттер мен стандарттар жой-ылады. Негізгі азық-түлік өнімде-рінің санитарлық ережелері мен нормалары халықаралық стан-дарттар жүйесі — “Кодекс Али-ментарийска” сәйкес келеді. Сондай-ақ тәуекел деңгейі жоға-ры 7 тауар тобындағы өнімді

мемлекеттік тіркеу тәжірибесі жойылады.

Сертификаттау міндетті тауар-лар тізімі қысқартылып, өнімнің сәйкестігін декларациялау тәжі-рибесі енгізіледі. Елімізде мой-ындалған шетелдік сапа мен бақылау жүйелерінің критерий-лері құрал-саймандар мен жаб-дыктарды, шикізатты, арнайы техниканы, көлікті импорттауда әзірленген. Оларды әкелу ұлттық сертификатты қажет етпейді.

Осы рәсімдерді қамтитын “Ба-зарды бақылау туралы” заңды қабылдау қажеттігі айтылды.

Стандарттау, санитарлық-эпи-демиология және карантин сала-ларында кадрлар даярлаудың сапасын арттыру қажет екені де баса айтылды.

Жиналыста жергілікті кәсіпо-рындарға жол ашып, өндіріс пен экспортты ұлғайту мәселелеріне баса назар аударылды.

Жоғарыда аталған қаулыға сәйкес, енді импортталатын өнімнің кедендік құнын анықтау тәртібі халықаралық ережелер-ге толығымен сәйкестендіріледі.

Осы уақытқа дейін қымбат экспортты жоғары суранысқа ие кейбір тауарларды экспорт-тауға шектеу қойылған болатын. Енді 1 июльден бастап ешбір тауарды экспорттауға шектеу қойылмайды. Экспорттық баж салығы 86 тауар тобына енетін әлеуметтік маңызы жоғары ши-кізат пен өнімдерге ғана салы-нады.

Соңғы жылдары жергілікті

өнеркәсіпте кондитерлік өнімдер мен алкогольсіз сусындардың релі артты. Бұл желілерді қолдау да маңызды. Сондықтан қантқа салынатын акциздік салық жо-йылады. Сондай-ақ құрғақ сүтті әкелуге қойылған шектеулер де алынып тасталады.

Осының нәтижесінде 40 мыңға жуық адам жұмыс істей-тін кондитерлік өнімдер мен ал-когольсіз сусындар шығаратын кәсіпорындардың жылдық айна-лымы кемінде 50 триллион сумға жетеді.

Кейбір жерлерде жергілікті кеңестер жер салығы мен жалға 2 есеге дейін коффинцент бел-гілеуде. Дегенмен, мұның биз-неске тигізетін әсері зерттеліп, кәсіпкерлердің мүмкіндіктеріне сүйену керектігі көрсетілді.

Керісінше, жүктемені азайтып, қызметін кенейтсе, табыс көбей-еді. Енді бұл салықтарды кәсіп-керлерге де жылына екі рет төлеуге рұқсат етілді.

Жауаптыларға ғалымдар мен кәсіпкерлерді жумылдырып, салық және кеден саясаты мен әкімшілігін жаңа деңгейге көте-ру бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Премьер-министр мен оның орынбасарлары, министрлер, әкімдер тауар өндірушілермен, экспорттаушылармен өнемі бай-ланыста болуы, ешбір өтініштің назардан тыс қалмастан, тез шешілуі керектігі баса айтылды.

Өза

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА ЖАҒДАЙ

Жуырда Сенаттың Ғылым, білім және денсаулық сақтау мәселелері комитеті мен Ферғана облыстық халық депутаттары Кеңесінің бірлескен жиналысы өтті. Жиналыста мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғау, олардың қоғамға бейімделуін қамтамасыз ету және осы бағытта Ферғана облысында атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды.

Шараға сенаторлар, Ферғана облыстық Кене-сінің депутаттары, тұрақты комиссия төрағалары, өкілетті министрлік пен кенселердің өкілдері, аза-маттық қоғам институттарының өкілдері, бұқара-лық ақпарат құралдары қызметкерлері және об-лыстағы салаға жауапты басшылар қатысты.

Соңғы бес жылда елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын толық қорғауға бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Мүгедектердің құқықтары туралы кон-венция ратификацияланып, оны жүзеге асыру бо-йынша 2023-2025 жылдарға арналған Ұлттық әре-кеттер жоспары қабылданды.

Аталған құжаттардың орындалуы аясында мүмкіндігі шектеулі адамдарға көрсетілетін әлеу-меттік қызметтер мен медициналық көмек көлемі кенеюде. Сондай-ақ инклюзивті білім беру, қолай-лы және кедергісіз орта қалыптастыру бағытта-рында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Осы салада заңнамалық құжаттардың орын-далуы Ферғана облысында зерттелген кезде бірқа-рат жұмыстар жүзеге асырылғаны және нәтиже-сінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдайлар жасалып жатқаны тілге тиек етілді.

Атап айтқанда, 2023 жылы 2 895, ал 2024 жылы 8 472 мүгедек жалпы сомасы 15,8 миллиард сум-дық протез және оналту құралдарымен қамтама-сыз етілді. Арнайы медициналық қызметтер аясында 2023 жылы 4 098, ал 2024 жылы жеңілдікпен 5 013 жолдама берілді. Бұдан бөлек, 2023 жылы 1 035, ал 2024 жылы 1 122 адамға хирургиялық операция жасалды.

2024 жылы облыста “Әйелдер дәптеріне” тір-келген 9 882 мүмкіндігі шектеулі әйелге 13,7 мил-лиард сум көлемінде көмек көрсетілді. Соның ішінде І және ІІ топ мүгедектігі бар 6 741 әйелге 8,9 миллиард сум, ал мүгедек баласы бар 3 124 анаға 4 миллиард сум мөлшерінде бір реттік ма-териалдық көмек берілді. Сонымен қатар 17 мүге-дек адамның тұрғын үйі жөнделген.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз орта құру мақсатында өткен жылы 9 медицина-лық мекемедегі лифт жаңасына ауыстырылды, 41 медицина мекемесіндегі пандустар жөнделді, 40 қоғамдық көліктер мүгедектерге бейімделіп жаб-дықталды.

Отырыста осы салада жүзеге асырылған он істермен қатар бар мәселелерге де назар ауда-рылды.

Облыста инклюзивті білім беру ұйымдастырыл-ған 71 жалпы білім беретін мектептің 12-сінде арнайы педагог-мұғалімдермен қамтамасыз етіл-мегені, 19 мектепке дейінгі мекемеде құрылған инклюзивті топтарда мүмкіндігі шектеулі тәрбие-ленушілер толық қамтылмағаны да айтылды.

Сондай-ақ, 2023 жылы мүмкіндігі шектеулі адам-дарға бөлінген 2 525 квоталанған жұмыс орны-ның 1 797-сіне, 2024 жылы 2 632 квоталанған орынның 2 015-сіне мүгедек азаматтар жұмысқа орналаспағаны белгілі болды.

Мүгедектігі бар жандар үшін квоталанған жұмыс орындары мүлде құрылмаған жағдайлар да кез-десті. Бұл тәрізді заңбұзушылықтар үшін 2023 жылы 46, ал 2024 жылы 8 ұйым басшысына әкім-шілік айыппұл салынған.

Сонымен қатар, медицина бірлестіктеріндегі лифтердің жөндеуді қажет етуі, жалпы және жо-ғары оқу орындарындағы пандустардың стандарт талаптарына сәйкес келмеуі, жаяу жүргінші жол-дарда мүгедектердің қозғалысына кедергі келті-ретін бөгеттердің бар екендігі де сынға алынды.

Сондай-ақ, Қалақуру құжаттарын сараптау рес-публикалық орталығы мен оның аумақтық басқ-армалары тарапынан мүгедектер үшін қолайлы орта қалыптастыруға техникалық бөліктері жоқ жобаларға оң қорытынды берілген жағдайлар анықталған.

Талқылау барысында сенаторлар мен депутат-тар туындаған мәселелерді шешу және олардың алдын алу бойынша қажетті шаралар қабылдау қажеттігін атап өтіп, тиісті ұсыныстар берді.

Бірлескен жиналыс қорытындысы бойынша Сенат комитеті мен Ферғана облыстық халық депутаттары Кеңесінің бірлескен қаулысы қабыл-данды.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖОБАЛАРЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысына энергетика саласындағы тапсырмалар мен жаңа жобалардың орындалу барысы туралы ақпарат берілді.

Тұрғындардың энергия көздеріне де-ген сұранысын қанағаттандыру мақсатын-да жыл сайын көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Осы жұмыстардың нәтиже-сінде соңғы бес жылда электр энергия-сын өндіру 30 пайызға артып, 81,5 мил-лиард киловатт сағатқа жетті.

2035 жылы елде электр энергиясын тұтыну 121 миллиард киловатт сағатты құрайды. Сондықтан болашақты ойлап, энергетика саласының барлық бағытта-рын дамыту шаралары қолға алынууда. 2030 жылға қарай “жасыл” энергияның жалпы генерациядағы үлесін 54 пайызға

дейін арттыру жоспарлануда.

Мұнда ең әлеуетті бағыттар — гидро-энергетика мен атом энергиясын пайда-лану.

Атап айтқанда, 2025-2026 жылдары жалпы қуаты 167 мегаватт болатын 2983 шағын су электр стансасын салу жоспар-лануда. Осы жобалардың нәтижесінде 500 миллион киловатт сағат экологиялық таза электр энергиясы өндіріліп, 151 миллион текше метр табиғи газ үнемде-леді. Құрылыс кезеңінде 1200 азамат, жобалар іске қосылғаннан кейін 520 аза-мат жұмыспен қамтылады.

Тұсаукесерде Энергетика министрі биыл жүзеге асырылатын жобалар ту-ралы ақпарат берді. Атап өткендей, биыл қуаты 65 мегаватт болатын 1185 шағын су электр станциясы салынады. Олардың көпшілігін кәсіпкерлер іске қосады.

Болашақта атом энергиясы негізгі көздердің біріне айналады деп күтілуде. Қазір елімізде шағын атом электр стан-циясын салу жобасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Болашақ станцияның әрбір кезеңі — жобаланудан бастап, аяқталған-ға дейін — Халықаралық Атом энергия-

сы агенттігін қатаң бақылауында бола-ды және әлемдегі ең озық тәжірибелер мен қауіпсіздік талаптары жүзеге асыры-латын болады.

“Узатом” агенттігінің басшысы осы бағыттағы келіссөздер мен келісімдер, жобаның жүзеге асырылу барысы бо-йынша ақпарат берді.

Жоспарланған нысандарды мерзімін-де іске қосып, халық пен экономика са-лаларын қосымша энергиямен қамтама-сыз ету бойынша тапсырмалар берілді.

Өза



КӘСІПОРЫННЫҢ ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Сұрхандария облысында өз бизнесін дамытып, отбасының, махалласының және елінің өркендеуіне үлес қосып, экономи-камыздың дамуына лайықты қызмет етіп жүрген кәсіпкерлер қатары күн санап артып келеді.

Терміз ауданындағы құрылыс және әрлеу материалдарын өнді-руге мамандандырылған “Олис осмон” жекеменшік кәсіпорны 2019 жылы жұмысын бастаған болса да соңғы жылдары сапалы әрі қол-жетімді өнімдерімен базардан берік орын алды.

Кәсіпорында 40 түрлі құрылыс-әрлеу өнімдері шығарылады. Өнді-рістік қуаты жылына 80 мың тоннаны құрайды. Мұнда шамамен 100 адам жұмыспен қамтылған. Кәсіпорында өндірілетін өнімдер жергі-лікті базардан бөлек экспортқа да бағытталуда.

— Құрылыс-әрлеу материалдарын өндірумен айналысамыз, — дейді кәсіпорын басшысы Фуракт Норхамидов. — 2020 жылдан бастап Тәжікстан Республикасына өнім экспорттауды бастадық. Жыл сайын экспорт көлемін арттырып келеміз. Келесі мақсатымыз — көршілес Ауғанстан, Түркіменстан, Қазақстан және Қырғызстан елдерімен ынтымақтастық орнату.

Кәсіпорынға жыл сайын Қытай мен Германиядан қосымша жаңа, заманауи жабдықтар әкелінеді. Бұл жабдықтар энергия үнемдеуге, автоматтандырылған басқару жүйесін қолдануға және өнім сапасы мен көлемін арттыруға көмектеседі.

Қазірде кәсіпорынды кенейту мақсатында қосымша өндірістік же-лелер құрылуда. Осы нысанның негізгі тұтынатын ресурсы газ бен электр энергиясы болғандықтан, алдағы уақытта жасыл экономи-ка технологияларын енгізу жоспарланған.

Суретте: кәсіпорыннан көрініс. Суретті түсірген Ж.ҚУЗИМУРДОВ (Өза)

Депутат мінбері

ДОСТЫҚ ПЕН СЕНІМ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ТҰРАҚТЫ МАҢЫЗҒА ИЕ

Мемлекетімізде жүргізіліп жатқан дәйекті де ауқымды реформалар мен жаңашылдықтар еліміздің халықаралық аренадағы беделін одан әрі арттыра түсуде. Өзбекстан халықаралық қоғамдастықтың тең құқылы субъектісі ретінде аймақтық және жаһандық деңгейде ашық сыртқы саясат жүргізіп, шетелдік әріптестерімен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуда. Мұндай дәйекті, айқын және прагматикалық қызметін халықаралық сарапшылар мен бақылаушылар жоғары бағалайды.

Бұл бағыттағы басты міндеттердің бірі — өз аумағында бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тату көршілік пен достық ортаны қалыптастыру екенін ерекше атап өткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда біздің Президент Шавкат Мирзиязев сыртқы саясаттың басым бағыты ретінде бауырластарымыз — Орталық Азия елдерімен достық, тату көршілік, стратегиялық әріптестік, өзара тиімді қарым-қатынастарды да-

мыту мен нығайтуға белсенді түрде ықпал етіп келеді. Соңғы жылдары халықаралық саяси аренада бауырлас елдермен көпжақты қарым-қатынаста сындарлы және стратегиялық өлшемдерді енгізу басты назарда болды. Жоғары деңгейдегі шынайы диалогтардың нәтижесінде ол бар проблемаларды шешуге қатысты қол жеткізілген нәтижелердің іргетасы болып табылады.

Көршілерімізбен, көршілес

мемлекеттермен бірнеше ондаған жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан даулы шекаралық мәселелерді шешу туралы бірнеше келісімдерге қол қойылып, шекарамыздағы өткізу пункттерінің жұмысын қалпына келтіру Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы үлкен қадам болғанын ашық айту керек. Атап айтқанда, соңғы жылдары мемлекетіміздің шекарасын айқындайтын маңызды құжаттарға қол қойылды.

Күрделі мәселенің шешімін растайтын тағы бір оқиға ағымдағы жылғы 31 мартта Хужанд қаласында өтті. Онда Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғыз Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісуі туралы Келісімге қол қойылды. Сондай-ақ үш елдің мемлекеттік шекарасы түйіскен аумақта Достық стеласы бой көтерді. Бұл стела бауырлас елдеріміз арасындағы достықтың, тату көршіліктің, сенімнің, стратегиялық әріптес-

тіктің нығаюының жана рәмзі десек, артық айтқандық емес.

Орталық Азияда мемлекеттік шекара мәселелерін ұтымды шешімдер негізінде шешу жұмыстары жалғасуда. Бұл келісімдерге қол жеткізу үшін бірнеше жыл қажет болғанын атап өткен жөн. Ұзақ талқылаулар мен қиын жолдардан кейін шекараны адымдап жүріп, мұрағат құжаттары зерттелді. Үкіметаралық комиссияның бірнеше отырысы өтті. Мемлекет басшысының саяси ерік-жігерінің арқасында бұл шекараларды келісуде халқымыздың мүддесіне негізделген көрші елдермен достық қарым-қатынастың маңызы зор болды.

Қол жеткізілген келісімдер нәтижесінде көршілес елдермен шекаралық өткізу пункттерінің қызметі қайта жанданды. Бұл шекара бекеттері қазір халыққа қызмет көрсетуде.

Бұл тарихи оқиғалар Орталық Азия мемлекеттерінің өз проблемаларын достық, келісімді ынтымақтастық, ұтымды көзқарас арқылы өз бетінше шеше алатынының көрінісі, ең бастысы, еліміздің екіжақты және көпжақты форматтағы бейбітшілікті сүйетін саясатты ұстанғанының нәтижесі болып табылатын саяси ерік-жігердің көрінісі.

Н.СУЛТАНОВ,
Олий Мажлис Заң шығару палатасының депутаты.

Заман талабы

Бұрын елімізде психологиялық қызметтің нақты тәртіппен реттелуін қамтамасыз ететін арнайы заң болмаған еді. Енді “Психологиялық қызмет туралы” заң қабылданды. Бұл заңмен танысу әр сала өкілі үшін маңызды: не істеуге болады, не істеуге болмайды — барлығы анық көрсетілген.

ПСИХОЛОГИЯ — БІЛІММЕН ҚАТАР ЖАУАПКЕРШІЛІК ТЕ

Жуырда бір онлайн сұхбатқа қатыстым, 15-20 минут ішінде бірнеше техника қолданылды, нақты бір әдістемеге сүйенбестен, түрлі тәсілдер бұрыс пайдаланылды. Бұл жағдай менде үлкен аландаушылық туғызды.

Жалпы жұртқа ақпарат жүргізгенде, біз жауапкершілікті сезінеміз бе? Қолданып жүрген әдістеріміздің ғылыми негізі бар ма? Олар адамға пайда әкеле ме, әлде зиян келтіре ме?

Психологиялық мәселеге тап болған әр адам — жеке тұлға. Олар жасы, ойлау қабілеті, өмірлік тәжірибесі және шыққан ортасы жағынан түрліше. Сондықтан әрбір қатысушыға жеке көзқараспен қарау қажет. Әйтпесе, орынсыз қолданылған психотехникалар адамның денсаулығына зиян тигізуі мүмкін.

Назар аудару маңызды, біз дәрі-дәрмек тандағанда, тіпті тамақ немесе киім сатып алғанда да оның сапасы мен қауіпсіздігіне мән береміз. Ал неге психикалық денсаулыққа келгенде көңіл бөлмейміз?

Психологиялық жаттығулар адамды жеңіл транс жағдайына енгізуі мүмкін. Мұндай жағдайда адам саналы бақылауын жоғалтады, ал оның жалпы жағдайы сыртқы ықпалға толықтай ашық болады. Ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген әрі сертификатталмаған әдістер ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін.

Сондықтан жаңа қабылданған заңмен танысу, ғылыми негізделген, қауіпсіз әдістерді пайдалану, халықтың алдына шығып сөз сөйлемес бұрын жауапкершілікті сезіну қажет деп санаймын.

Психология бұл тек білім емес, сонымен қатар этика мен жауапкершілік.

Айгүл ТЕШЕБАЕВА,
Ташкент облысы.

Бір мақсат, бір жүрек

ЕЛ НАМЫСЫН АРҚАЛАҒАН ҚЫЗ

Корея Республикасында уақытша тұрып жатқан отандастарымыздың арасында 18 жастағы дарынды спортшы Валерия Югай халықаралық аренада сенімді қадам басуда.

Валерия жас болғанына қарамастан, шорт-трек әлемінде кенінен танылып, Өзбекстанға медальдар әкелуді жалғастыруда. 2024 жылдың сентябрь айында Филиппинде өткен “Sea Trophy Manila Series” халықаралық жарысында үш бірдей бағытта жеңіске жетіп, үш алтын медаль иеленді.

Бүгінде Валерия Югай Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласындағы “Сокчонг” қыздар орта мектебінде білім алуда. Оған Оңтүстік Корея құрамасы сапында Олимпиада чемпионы атанған Чонг Да Хе жаттықтырушылық етуде.

Валерия Маниладағы жеңісінен тыс, 2020 жылы Сингапурда өткен халықаралық жарыстарда да табысты өнер көрсе-

тіп, екі алтын және бір қола медаль жеңіп алған. Сондай-ақ Оңтүстік Кореяда өткен көптеген жарыстарда жалпы 12 алтын, 5 күміс және 2 қола медаль иелеген.

Ең бастысы, ол барлық жарыстарда әрдайым Өзбекстанның туы астында өнер көрсетеді.

Қазіргі таңда Валерия Югай Өзбекстан жастар спортының ең жарқын өкілдерінің бірі саналады. Ол жоғары нәтижелерімен өзгелерге шабыт сыйлап, еңбекқорлық, жанкештілік және Отанға деген сүйіспеншілік арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болатынын дәлелдеп, алға басуын жалғастыруда.

“Дуне” АА,
Сеул қаласы.

Экология

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – АДАМДЫ, ОТАНДЫ ҚОРҒАУ



Қоршаған ортаны қорғау, оның ресурстарын тиімді пайдалану бүгінгі қоғамның алдында тұрған көкейтесті мәселенің бірі. Ал үстіміздегі жылдың мемлекет басшысы тарапынан “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылының” жариялануы табиғатты қорғауға, қоршаған ортаны табиғи қалпында сақтауға одан әрі жұмылдыратын күш болмақ.

Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің ғимаратында Өзбекстан Республикасы “Тасвирий ойина” шығармашылық бірлестігі тарапынан өткен жылғы бейнелі-насихаттау құралдары арқылы аумақтарды безендіру бойынша жүзеге асырылған істердің есебі, сондай-ақ 2025 жыл — “Қоршаған ортаны сақтау және “жасыл” экономика жылы” Мемлекеттік бағдарламасында белгіленген міндеттерге орай, атқарылуы тиіс істерге арналған республика-

лық көрме семинар жиналысы ұйымдастырылды.

Шарада “Тасвирий ойина” шығармашылық бірлестігінің басқару Кеңесінің мүшелері, Республикалық Экология партиясының өкілдері, бірлестіктің облыстық бөлімдерінің басшылары мен жауаптылары, сондай-ақ кең жұртшылық өкілдері және студент-жастар қатысты.

Шараны “Халқ сузи” газетінің Бас редакторы, “Тасвирий ойина” шығармашылық бірлестігінің басқару Кеңесі төрағасының

міндетін атқарушы У.Рахматов жүргізді.

Семинарда “Тасвирий ойина” шығармашылық бірлестігінің Басқару төрағасы И.Латиповтың бірлестіктің, сондай-ақ бірлестіктің облыстық бөлімдерінің өткен 2024 жылы атқарған бейнелі-насихаттау істері бойынша есебі тыңдалды.

Шарада Өзбекстан Экология партиясының төрағасы А.Хамзаев, Өзбекстан Ұлттық ақпарат агенттігінің Бас директоры, сенатор А.Кучимов, Өзбекстан Көркемөнер академиясының төрағасы, академик А.Нуриддинов еліміздегі экологиялық ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті дамыту жөніндегі пікірлерін баяндады. Сондай-ақ бірлестіктің Жызақ және Сырдария облыстарының Басқару төрағалары өткен уақытта атқарылған және жүзеге асырылып жатқан істер бойынша мәліметтер берді.

Семинарда 2025 жыл — “Қоршаған ортаны сақтау және “жасыл” экономика жылына” дайындалған “Табиғатты қорғау — адамды, Отанды қорғау деген сөз” атты ұсыныстар қолданбасы жөнінде де сөз өрбітілді.

Шара сонында “Тасвирий ойина” шығармашылық бірлестігінің бір топ қызметкерлеріне мақтау қағаздары тапсырылды.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

“Жер сағаты” акциясы

БІЗДІҢ ОРТАҚ МІНДЕТ

Күн сайын ғылым мен технология қарыштап дамып, өркениет биігін бағындырып келеміз. Алайда, осы жетістіктеріміздің көлеңкесінде табиғаттың тозуы, климаттың өзгеруі, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы секілді өзекті мәселелер тұр. Адамзат игілігі үшін қызмет ететін электр қуаты мен өндірістің қарқынды дамуы кейде табиғатқа орасан зиян тигізуі мүмкін. Осындай түйткілді мәселелерді ескеріп, қоршаған ортаны қорғауға үндеу мақсатында жыл сайын бүкіл әлем “Жер сағаты” акциясын өткізеді.

Биыл да бұл бастама өз жалғасын тапты. 25 март күні елімізде “Жер сағаты” акциясы ұйымдастырылып, табиғатты аялауға бейжай қарамайтын азаматтар экологиялық қозғалысқа өз үлестерін қосты. Акция аясында Сырдария облыстық спорт басқармасы мен Спорт және жеңіл атлетика бойынша мамандандырыл-

ған спорт мектебі бір сағатқа жарықты және электр құрылғыларын сөндіріп, қоршаған ортаға жанашырлық танытты. Бұл қарапайым ғана іс-әрекет болғанымен, оның мәні тереңде.

“Жер сағаты” — тек электр үнемдеу акциясы ғана емес, ол табиғатқа деген құрметтің белгісі, экологи-

ялық мәдениетті қалыптастырудың көрінісі. Бір сағат жарық сөндіру — жер бетіндегі миллиардтаған адамның назарын экологиялық мәселелерге аудартатын жаһандық қадам. Бұл табиғатты аялауға, экологиялық

жауапкершілікті сезінуге шақыратын ерекше үндеу.

Біз табиғаттың перзентіміз. Оның берер сыйын еркін пайдаланып қана қоймай, оған жанашырлықпен қарау әрбір саналы адамның міндеті.



Қазіргі таңда жаһандық жылыну, атмосфераның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы сияқты мәселелер күн тәртібінен түспей тұр. Мұның барлығы — адамның іс-әрекетінің салдары. Егер әркім экологиялық жауапкершілікті өз мойнына алып, табиғатты қорғауға аз да болса үлес қоса білсе, келер ұрпаққа жасыл да көркем, таза да жайлы әлемді қалдыруға мүмкіндік туады. “Жер сағаты” — әлемдік қозғалыс. Оған қатысу үшін ауқымды қадам жасаудың қажеті жоқ. Бар болғаны бір сағатқа электр құралда-

рын сөндіріп, энергияны үнемдеуге атсалыссаныз жеткілікті. Бұл тек символикалық әрекет болғанымен, оның артында табиғатқа деген құрмет пен қамқорлықтың үлкен мәні жатыр.

Осы орайда барша азаматтарды осы игі бастамаға қосылып, қоршаған ортаға жанашырлық танытуға шақырамыз. Табиғатты сақтау — ортақ міндетіміз, ал оны қорғау — әрбіріміздің қолымызда.

Анвар ТОЙЧИЕВ,
Сырдария облысы.

Кәсіби мереке

БАРШАСЫ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Министрлер Кабинетінің 2024 жылғы 17 апрельдегі қаулысымен Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі және оның жүйесіндегі ұйымдар туралы ереже бекітіліп, 18 апрель — олардың кәсіби мерекесі ретінде тойланып келеді.

Арадан көп уақыт өтпеген болса да салада көптеген салмақты жұмыстар атқарылды. Бүгін біз салада жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жайлы министр орынбасары Озода Жураевамен сұхбат құрдық.

— **Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету және құрылыс салаларының бірігуі нәтижесінде қандай кеңейтілген өкілеттер жасалды және бұл іс жүзінде қандай нәтиже беруде?**

— Күрметті Президентіміз Шавкат Мирзияевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан әкімшілік реформалар аясында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету және құрылыс салаларының бірігуі саладағы міндеттерді кешенді шешуге, жүйелі реформаларды жүзеге асыруға және нәтижелілікті қамтамасыз етуге қызмет етуде. Бұл бірігу негізінде саладағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, инфрақұрылымды жаңғырту, цифрлық технологияларды енгізу, басқарушы сервистік компаниялардың қызметін реттеу және бәсеке-лестік ортаны құру бойынша кең өкілеттер берілді.

Бүгінде көпқабатты үйлер құрылысының қарқынды өсуі салада заман талабына сай терең реформаларды жүзеге асыруды талап етеді. Осы мағынада, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, салалық нарыққа енген басқарушы сервистік компаниялардың қызметі одан әрі жетілдірілді. Оларға халыққа сапалы қызмет көрсету жүйесін тиімді ұйымдастыру барысында бірқатар жеңілдіктер мен кепілдіктер берілді. Тұрғын үйлерді басқару саласында бәсекелестік орта құру және нәтижесінде тұрғындардың лайықты өмір сүріну қамтамасыз ету мақсатында басқарушы компаниялар тарапынан қосымша сервистік қызметтер базары ұйымдастырылды.

Соңғы жылдары тұрғын үйге қызмет көрсету жүйесі түбегейлі жетілдірілді. Салада бәсе-келестік орта қалыптасты. Бас-қару органдары халыққа тек

тұрғын үй қызметін ғана емес, қосымша қызметтерді де ұсына алатын әлеуетке ие болды. Сонымен қатар бүгінде кәсіпкер-лік мүмкіндіктері кеңейіп, тұрғын үйді басқару арқылы жақсы та-быс тауып, халықты жұмыспен қамтып отырған компаниялар-дың саны артып келеді.

Жылумен қамтамасыз етуді түбегейлі реформалау, көп-пәтерлі тұрғын үйлердің техни-калық жағдайын жақсарту және жөндеу сияқты маңызды бағыт-тар бойынша да іс жүзінде жұмыстар жүргізілуде.

— **Республикада сапасыз лифтвер анықталып, оларды ауыстыру бойынша қандай шаралар жүзеге асырылуда немесе жоспарлануда?**

— Лифт жабдықтарының қауіпсіздігі мен сапалы қызмет көрсетуі тұрғындардың өмірі үшін өте маңызды. Сондықтан, Лифт жабдықтарын пайдалану-да қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында “Қауіпсіз лифт” платформасы әзірленді. Бұл платформаға лифтілерді өнді-ру (импорттау), орнату және пайдалану үдерістері толық енгізіледі және лифтілерге қыз-мет көрсететін ұйымдардың рейтингі жүргізіледі.

Бұл платформа іске қосыл-ғаннан кейін барлық көпқабат-ты үйлердегі лифт құрылғыла-рын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік туады. Тұрғындар тарапынан қолда-ныста болған лифттердің қашан орнатылғаны, қай меке-ме тарапынан техникалық қыз-мет көрсетілетіні, техникалық тексеруден өткені туралы мәлі-меттерді бақылауға болады.

2025 жылдан бастап лифті-лерді диспетчерлік қызметке қоспай және екіжақты байла-ныс құралдарымен қамтамасыз етпей пайдалануға тиым са-ланыды.

Министрлер Кабинетінің 2020 жылғы 12 июньдегі №376 қаулысына сәйкес, 2024 жылы республика бойынша 517 лифт жаңартылды. 2025 жылы тағы 510 лифтің жаңарту және жөндеу жоспарлануда.

— **Сапасыз құрылыстарды**



тоқтату немесе бұзу шаралары қабылданып жатыр ма?

— Салада бақылауды күшей-ту және сапасы талапқа сай келмейтін құрылыстардың ал-дын алу мақсатында бірқатар жүйелі шаралар жүзеге асырыл-ды. Атап айтқанда, көппәтерлі үйлерге іргелес аумақтарда заңсыз құрылыстар бойынша басқару органдары мен меншік иелері Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық са-ласындағы бақылау инспекци-ясына онлайн хабарлай алатын электронды жүйе енгізілді. Бұл механизм заңсыз құрылыстар-ды ерте кезеңде анықтауға және оларды заңды негізде тоқтатуға қызмет етеді.

Сонымен қатар басқару органдарының қызметі ашықтық пен қоғамдық бақылау негізінде жүзеге асырылуы қамтамасыз етілуде. “Менің үйім” жүйесінде басқару органдарының есеп-тері, жалпы жиналыс шақыру, мәселелер бойынша дауыс беру сияқты мүмкіндіктер арқы-лы меншік иелерінің белсенді қатысуы қамтамасыз етілуде. Бұл сапасыз және заңсыз құры-лысқа ұжымдық көзқарастың қалыптасуына да негіз болды.

— **Цифрландыру қандай нәтиже беруде?**

— Цифрландыру — Мемле-кет басшысының мемлекеттік басқаруды жеңілдету және ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі негізгі реформалары-ның бірі. Осы орайда “Менің үйім” цифрлық платформасы іске қосылып, 42 мыңға жуық көпқабатты үй тіркелді.

2022 жылы міндетті жарна түсімдері 200 миллиард сумды құраса, 2024 жылы бұл көрсет-кіш 800 миллиард сумға жетті. Биыл бұл көрсеткішті 900 мил-лиард сумға жеткізу жоспар-ланған. Сондай-ақ жүйе тұрғын-дарға басқару ұйымдары тара-пынан жүзеге асырылған жұмыстарды бақылауға, рей-тингін бағалауға және төлем-

дерді онлайн жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Басқару органдарына мер-зімі өткен дебиторлық қарыз-дарлықтарды өндіріп алу үшін соттарға талап арыз беру жеке кабинет арқылы жүзеге асыры-луда, бұл ретте “Менің үйім” биллинг жүйесі e-sud платфор-масымен интеграцияланды.

Көппәтерлі үйлердің жерте-лелері жеке және заңды тұлға-ларға пайдалануға берілгенде, жалға алу төлемдері және бас-қа да жалпы мүлікті пайдалану-дан түсетін кірістердің есебі “Менің үйім” биллинг жүйесін-де жүргізілуде.

Көппәтерлі тұрғын үй иеле-рінің жалпы жиналысын шақы-ру және күн тәртібіндегі мәсе-лелерді белгілеу арқылы он-лайн түрде өткізу, бұл ретте күн тәртібіндегі мәселелер бойын-ша дауыс беру меншік иеле-рінің OnelD немесе жеке басын куәландыратын басқа да плат-формалар арқылы жүзеге асы-рылады.

Лифт жабдықтарын пайдала-нуда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында “Қауіпсіз лифт” және көппәтерлі үйлердің техни-калық паспорттары, жөндеу-ден өткен бөліктері, инженер-лік желілері, коммуникацияла-рының жағдайы сияқты көрсет-кіштерді қамтитын “Тұрғын үй” платформалары құрылды.

Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаратын басқару органа-рының электрондық реестрі платформасы іске қосылып, басқару органдарының басқа-руындағы көппәтерлі тұрғын үйлердің тізімі мен мәліметтері ашық түрде жүргізіледі.

Бұл тек ыңғайлылық қана емес, сонымен қатар ашықтық пен тиімділіктің берік кепілі болып табылады. Мұндай ше-шімдер халық пен үкімет ара-сындағы сенімді нығайта түседі.

— **Сыбайлас жемқорлықты азайту және үдерістердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникация технологияларын енгізу қаншалықты маңызды?**

— Министрлік жүйесінде сы-байлас жемқорлық пен бюрок-ратиялық кедергілерді жою, жобаларды бақылау және үде-рістердің әр кезеңінде ашық-тықты қамтамасыз ету үшін бір-қатар заманалық шешімдер жүзеге асырылуда. Бұл ретте Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту рес-публикалық орталығының алар орны ерекше.

Орталықта құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруа-шылық саласы мамандарының біліктілігін арттыру, саладағы мемлекеттік сатып алулар, ха-лыққа коммуналдық және мем-лекеттік қызметтер көрсету са-ласындағы нормативтік құжат-тар мен стандарттарды жетіл-діру бағытында 30-дан астам ақпараттық жүйе іске қосылды.

Мысалы, “Шаффоф кури-лиш” ұлттық ақпараттық жүйесі құрылыс саласындағы 16 мем-лекеттік қызметті цифрланды-ру нәтижесінде тұрғындар мен бизнес иелері үшін қызмет-терді онлайн форматта алу

жоба қатысушылары үшін уақытты үнемдеуге, соның ішін-де өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Әрбір жобаны қарау және мақұлдау үдерісін қысқарту сала үшін маңызды және тұрғындар мен кәсіпкер-лерге қолайлылық туғызады.

— **Болашақта салаға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен енгізу тұрғындар үшін қандай жеңілдіктер мен мүмкіндіктер жаратады?**

— Бұл бағыттағы барлық жа-налықтар мен инновациялық жобалар Ақпараттық-коммуни-



мүмкіндігі жасалды. Бұл, бір жағынан, пайдаланушыларға ыңғайлы болса, екінші жағы-нан, ақпараттың дәлдігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Кез келген өтініштер, арыздар мен рұқсаттар нақты қадағала-нады, бұл заңды түрде жүргізіл-ген өзгерістер немесе шешім-дер туралы қоғамға толық ақпа-рат береді.

Бүгінгі таңда құрылыс сала-сында мемлекеттік қызмет-терді пайдалану үшін 1135,5-тен астам өтініш түскен, олар-дың 758 мыңнан астамына рұқсат пен он қорытынды бер-рілген.

Цифрландыру үдерісінің тағы бір маңызды артықшы-лығы — құрылысқа рұқсат алу уақытын қысқарту. 2021 жылы 39 күн болған рұқсат алу үде-рісі жана электронды жүйе-лерді енгізу арқылы 25 күнге қысқарды. Бұл өз кезегінде

кациялық технологияларды да-мыту республикалық орталы-ғында әзірленіп, тәжірибеге енгізіледі. Осы арқылы сыбай-лас жемқорлық жағдайлар жо-йылып, үдерістердің ашық-тығы, бәсекелестігі және әділ-дігі қамтамасыз етілуде.

Мысалы, “Сыбайлас жем-қорлықсыз сала” жобасы аясында қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін саланы цифр-ландыру бойынша бірқатар жұмыстар атқарылып, көптеген жоспарлар жасадық. Атап айт-қанда, бас жоспарлар мүлдем жана форматта, яғни ГАЗ фор-матында әзірленеді. Алдымен үлгі ретінде Ташкент пен Нөкіс қалаларының бас жоспарлары осы жүйеде әзірленді.

Барлық бас жоспарлар гео-ақпараттық жүйеге цифрлық форматта жүктеледі және осы жүйеде қалалардың цифрлық егізі жасалады.

Нысандарды орналастыру және жобаны келісу үшін цифр-лық егіздер қолданылады, бұл процестерде адам факторы азаяды және субъективті көзқа-рас жоғалады.

Ол үшін биыл 12 қаланы және 46 елді мекеннің бас жо-спары, 94 ауылдың схемасы осы жүйеге орналастырылады.

“Шаффоф курилиш” жүйесін-де қалалардың цифрлық егізі негізінде жұмыс істейтін “Цифр-лық қала құрылысы кеңесі” платформасы әзірленеді. Нәти-жесінде уақыт пен ресурс шы-ғыны күрт азайып, 20 минутта рұқсат алынады.

Ағымдағы жылдың соңына дейін Энергетика министрлігі, Цифрлық технологиялар ми-нистрлігі, “Аймақтық электр же-лілері”, “Худуд газтаыминот”, “Ўз-суфтаыминот” және “Ўзбек-теле-ком” компанияларымен ынты-мақтастық негізінде нысандарға техникалық шарттарды беру үде-рісін цифрландыру жоспарлану-да. Ол үшін электр, газ, су, көріз және байланыс желілері туралы барлық қажетті мәліметтер ГАЗ форматында “Шаффоф кури-лиш” жүйесіне интеграциялана-ды. Мұнда да адам факторы қатыспайды, уақыт шығыны күрт азаяды және оңтайлы шешімдер қолданылады.

Құрылыста бағаны қалыптас-тыру және нысандардың смета-лық құнын анықтау да электрон-ды жүйеге көшіріледі. Ол үшін Президентіміздің тапсырмалары-на сәйкес Құрылыс ресурстары-ның ұлттық классификаторы жа-салды. Классификаторға 190 мыңнан астам тауар, жұмыс және қызмет кіреді. Қазіргі уақытта бұл платформа тиісті министрліктер мен ұйымдардың жүйесіне инте-грацияланды, эксперимент ретін-де іске қосылды.

Көпқабатты үйлерді басқару жүйесін де толық цифрланды-ру жұмыстары жүргізілуде. Ол үшін “Тұрғын үй” ұлттық ақпарат-тық жүйесі құрылып, жүйеге үйлердің техникалық жағдайы туралы мәліметтер енгізіледі.

Тұрғындардың өтініштері то-лығымен “Менің үйім” жүйесі арқылы басқарушы-сервистік компанияларға жіберіледі және министрлік тарапынан олар-дың орындалуы қадағаланады.

Осы компаниялардың қыз-метіне қатысты тұрғындардың шағымдары мен ескертулері осы жүйе арқылы қабылдана-ды және осы негізде олардың рейтингін қалыптастырылады.

Авариялық өтініштерді қабылдау және есепке алу үшін “Су диспетчері” жүйесі енгізіл-леді. Нәтижесінде су жоғалту-ларын анықтау және жою бо-йынша интеграцияланған жүйе пайда болады.

Маңызды сұхбатыңыз үшін рақмет.

Гүлзат ҚҰРБАНОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Ас — адамның арқауы

ЖАҢА ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Азық-түлік қауіпсіздігі жаһандық маңызы бар мәселе және оны қамтамасыз ету миллиондаған адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауда шешуші рөл атқарады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, әлемде жыл сайын 600 миллионнан астам адам (10 адамның біреуі) тамақтан ұланып, 420 мыңы қайтыс болады. Бұл денсаулыққа ғана емес, экономикалық шығындарға да әкеледі.

Жылдам өзгеріп жатқан әлемде азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты жана сын-қатерлер, оны қамтамасыз етудің жаңа мүмкіндіктері пайда болуда. Осы күрделі ортада азық-түлікті бақылаудың тұрақты және жо-ғары тиімді жүйелерін енгізудің стратегиялық маңызы зор. Қазіргі уақытта Өзбекстан Рес-публикасында азық-түлік қауіп-сіздігін бақылау жүйесін жаң-ғырту бойынша кешенді заңна-малық және институционалдық реформалар дәйекті түрде жүзеге асырылуда.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруа-шылығы ұйымы (ФАО) азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту, тұтынушылардың денсаулығын қорғау, теңдестірілген және сапалы тамақтануға қол-жетімділікті қамтамасыз ету мен халықаралық базардағы

бәсекеге қабілеттілікті артты-ру мақсатында Өзбекстан Республикасының Ауыл шару-ашылығы министрлігімен және Санитарлық-эпидемио-логиялық тыныштық және жұртшылық денсаулығын қорғау комитетімен бірлесіп, “Азық-түлік өнімдерінің қауіп-сіздігін күшейту және сауда-сына көмектесу мақсатында азық-түлік өнімдерін бақылау жүйесін бағалау” жобасын іске асыру бойынша бірқатар реформалар дәйекті түрде жүзеге асырылуда.

8-10 апрельде Ташкентте жобаның кіріспе семинары мен техникалық тренингі өтті. Шараға Өзбекстан Республи-касының министрліктері мен кеңселерінің өкілдері, халық-аралық ұйымдардың, ғылыми-зертеу институттарының ма-мандары, халықаралық сарап-шылар қатысты.

Жоба келесі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған: дәлелдерге негізделген көп жақты тәсіл арқылы азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің тиімділі-гін талдау. Азық-түлік қауіпсіз-



дігін бақылау жөніндегі өкіл-летті органдар қызметкерле-рінің білімін нығайту және Өзбекстанда осы жүйені стра-тегиялық дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

— Азық-түлік өнімдерін ба-қылау жүйесін бағалау жоба-сы біздің елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи жүйесін құру жолындағы маңызды қадам, — дейді ФАО-ның Өзбекстан-дағы өкілінің орынбасары Шерзод Умаров. — Бұл жоба қауіпсіз азық-түлік өнімдерін өндіру мен таратудың тиімді әдістерін анықтауға және ха-

лықаралық стандарттарға не-гізделген ұсыныстарды әзір-леуге көмектеседі. Бұл халық-тың сапалы және қауіпсіз азық-түлік өнімдеріне қажет-тілігін қанағаттандыруға ғана

емес, сонымен қатар Өзбек-стан өнімдерінің халықара-лық базарлардағы деңгейін нығайтады.

Қауіпсіз азық-түлік өнімде-рін тұтыну үлкен экономика-лық шығындарға әкеледі. Со-нымен қатар мұндай өнімдер экспорттық мүмкіндіктерді шектеу арқылы дамушы ел-дердің экономикасына кері әсер етеді. Климаттың өзге-руі, ауылшаруашылық және азық-түлік жүйелерінің жаһан-дануы, өндіріс пен тарату тіз-бегінің күрделілігі де азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төнді-реді.

ФАО-ның азық-түлік қауіп-сіздігі және тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша маманы Мэри Кенни Өзбек-стан Үкіметін соңғы жетістік-терімен, сондай-ақ “Азық-түлік қауіпсіздігі туралы” жаңа заң бойынша Парламенттік талқылаудың барысымен құттықтады. “Азық-түлікті ба-қылау жүйесін терең талдау және жүргізіліп жатқан рефор-малар Өзбекстандағы азық-түлік қауіпсіздігі талаптары мен шараларына ғылыми және тәуекелге негізделген көзқарасты жақсартуға қыз-мет етеді. Жүйеге қатысатын әрбір өкілетті органдардың рөлі және жауапкершілігі анық белгіленуі, мемлекеттік кеңселері жеке секторының, ғылыми мекемелер мен ака-демиялық ортаның ынтымақ-тастығы одан әрі нығая түседі”.

Азық-түлік қауіпсіздігі жүйе-сін бағалау нәтижелері бо-йынша Өзбекстан үшін азық-түлік қауіпсіздігінің ұлттық стратегиясы мен іс-қимыл жоспары әзірленеді. Бұл құ-жаттар елдегі азық-түлікті ба-қылаудың заманауи және тұрақты жүйесін қалыптасты-руға негіз болады. Сонымен қатар халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы экспортының көлемін артты-руға, Өзбекстанның халық-аралық базарларда сенімді серіктес ретіндегі ұстанымын нығайтуға қызмет етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі жүйе-сін бағалау нәтижелері бо-йынша Өзбекстан үшін азық-түлік қауіпсіздігінің ұлттық стратегиясы мен іс-қимыл жоспары әзірленеді. Бұл құ-жаттар елдегі азық-түлікті ба-қылаудың заманауи және тұрақты жүйесін қалыптасты-руға негіз болады. Сонымен қатар халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы экспортының көлемін артты-руға, Өзбекстанның халық-аралық базарларда сенімді серіктес ретіндегі ұстанымын нығайтуға қызмет етеді.

Ә.АЙҚОЖАЕВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Су — тіршілік

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СУШЫЛАР БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРДІ

Үстіміздегі жылы Ташкенттегі “Сушылар мектебінде” Қазақстан Республикасының су шаруашылығы ұйымдарының мамандары үшін Өзбекстанның суды үнемдейтін суару технологияларын пайдалану бойынша үйренуге арналған семинар-тренинг өтті.

Төрт күнге созылған бұл шара Швейцария даму және ынтымақтастық агенттігінің қар-жылық қолдауымен жүзеге асы-рылып жатқан “Өзбекстандағы су ресурстарын басқарудың ұлттық жобасымен” ынтымақ-тастықта ұйымдастырылды.

Шараның ашылуында Өзбек-стан Республикасы Су шаруа-шылығы министрінің орынбаса-ры Р.Қаршиев сөз сөйлеп, елі-мізде су ресурстарын тиімді пайдалануға, атап айтқанда, суарудың үнемді технология-сын енгізуге үлкен мән беріліп жатқанын атап өтті.

Жаһандық климаттың өзге-руіне байланысты су тапшылы-ғының артып отырған бүгінгі жағдайында су ресурстарын басқарудың инновациялық әдістерін енгізу басымдыққа айналуда. Сондықтан су ре-сурстарын үнемді-тиімді пайда-лану көршілес мемлекеттерде өзекті мәнге ие болуда. Үсті-міздегі жылдың 30 январында астанамызда Өзбекстан Рес-

публикасы мен Қазақстан Рес-публикасы арасындағы су қатынастарының барлық ба-ғыттары бойынша екіжақты ын-тымақтастықты нығайту жөнін-дегі Бірлескен жұмысшы тобы-ның 12 жиналысында тараптар осы бағытта тәжірибе алма-суға келісті.

Келісімнің практикалық нәти-жесі ретінде ұйымдастырылған оқу бағдарламасында қазақ-стандық сушылар Өзбекстан-ның су үнемдеу технологияла-рын енгізу тәжірибесімен, мем-лекеттік қолдап-қуаттау шара-ларымен, яғни субсидиялар мен несиелер беру тәртібімен танысты. Тәжірибелік сабақ барысында ташмылатып суару әдісімен танысты, көрме орын-дарын аралап, оның ішінде “Agrodrip” кәсіпорнындағы жұмыс үдерістерімен танысты.

Өзбекстан Республикасы Су шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

Мақтаныш

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН АРХИТЕКТОР

Өдетте ауыл балалары мына дүниеде сәулеткер деген мамандық барын біле бермейді де ғой. Осы салаға қатысты білетіні суретші ғана болар. Өйткені сызуға икемі бар баланың суретке де бейім болады емес пе. Оның үстіне біздің ауылда Анарбек деген шебер суретші болғаны тағы бар. Сол себепті суретші ауыл баласына жақын мамандық саналады. Ал сәулетші дегеніңіз Жаңадария ауылына ғарышкермен бірдей ұғым. Зинатдиннің баласы Пахратдин сәулетші екен дегенде, ауылдағылар кәдімгідей таңданған.

Талапты жанның тау қопаратыны бұрыннан белгілі ғой. Сол сияқты Пахратдиннің мамандығына деген ынта-ықыласы Жаңадария ауылындағы мектепте оқып жүргеннен-ақ басталғанды. Кейін жоғары сыныптарды Нөкіс қаласындағы мектепте жалғастырды. Оқушы кезіндегі сурет салуға деген құштарлығы болашақ мамандығының бастауына айналды. — Мектепте оқып жүргенде жобалау өнерінен хабарым болмаған еді. Сурет салуға қызығушылығым сәулеткер мамандығын таңдауыма түрткі болды, — дейді Пахратдин. Мектептен соң әуелі Нөкіс әлеуметтік-экономикалық кол-

леджін құқықтану мамандығы бойынша тәмамдады. Одан соң Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті техника факультетінде сәулеткер мамандығын меңгерді. Жоғары оқу орнында оқи жүріп, Нөкіс қаласындағы “Строй вектор” темір бетон өнімдерін шығаратын зауытта жұмысшы болып еңбек етті. Университетті аяқтағаннан кейін “Бахтыбай-Нөкіс” жобалау мекемесінде еңбек жолын бастап, өз мамандығының қыр-сырын меңгеруге кірісті. — Алғашқы жобаларым шағын дүкендер мен жеке тұрғын үйлерді сызудан басталды. Содан кейін барып іргелі ғимарат-



тарды жобалауға қатыса бастадым. Жобалауға қатысты өз ұстанымым бар. Ең алдымен тапсырыс беруші ғимараты қандай болғанын қалайды, қоятын қандай талаптары бар, сол бойынша тапсырыс аламын. Келесі кезекте ғимаратты жобалауға қатысты тиісті нормативтік құжаттармен танысамын. Үшінші, ғимарат бойынша қандай заманауи өзгерістер бар, соны зерттеймін, — дейді Пахратдин Зинатдинұлы. Пахратдиннің сәулет өнеріндегі қолтаңбасы бүгінде елдегі жұртшылыққа кеңінен мәлім. Қарақалпақстандағы заманауи стильде талай ғимаратты жобалауға қатысты. Ол — Нөкіс қаласындағы Жастар технопаркі, Қарақалпақстан инновация орталығы, Нөкіс қаласында 3000 орынға арналған мешіт, тағы басқа да көптеген ғимараттың авторы. Сәулеткер өз идеясымен өмірге келген, бой көтерген ғимаратты көргенде ерекше көңіл күйге бөлінетінін айтады. — Өзім жобалаған ғимарат салынып біткенде ерекше қуанамын. Мамандығыма деген құштарлығым одан сайын күшейе түседі. Ғимаратқа кейбір кемшін кеткен жерлері болса, кейінгі жобада соны қайталамауға тырысамын, — дейді ол.

Пахратдиннің әулеті ата-бабасынан бері дін жолын берік ұстанып келеді. Сондықтан ол мешіт салуды сауапты іс деп біледі. Нөкіс қаласындағы іргелі мешітті жобалауға қатысқаны өз алдына, Дәуқара кентіндегі Абдулкерім ақун мешітін жобалауға да атсалысты. Тақтакөпір ауданындағы Әйімбет ишан мешітін салуға ынта-ықыласымен кіріскені бөлек әңгіме. 2018 жылы мекемемізге Тақтакөпір ауданында салынатын мешіт жобасын жасау бойынша тапсырыс түсті. Мешітті ауданның қай жеріне жобалау керек деп сұрап



едім. Ол Мүлік ауылына салынады екен. Балалық шағым өткен, ойнап-өскен жерім емес пе. Сондықтан мешіттің жобасын өзім жасаймын деп шештім. Сөйтіп жобасы мешіт бір нұсқада жасалды. Жоба бойынша тапсырыс беруші және Қарақалпақстан Республикасы Мұсылмандар басқармасы қазияты келісімін берді. Осылайша, Мүлік, Қоңыраткөл, Жаңадария — үш ауылдың жолдары тоғысқан тұста Әйімбет мешіті бой көтерді, — дейді ағамыз. Заманауи Хайтек стилі ұнататын Пахратдин Зинатдинұлы қазір “ГорЖилСтрой” жобалау мекеме-

дай қызмет болса, қолымнан келген бар көмегімді беруге дайынмын, — дейді Пахратдин. Қазақстан елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков Ташкент политехникалық институтын бітірген. Мамандығы сәулетші. Айтпақшы, ол Нөкіс қаласындағы бірінші қабатында дүкендер орналасқан ерекше тұрғын үйлерді жобалаған сәулеткердің бірі. Өзбекстан сәулет өнерінде өз қолтаңбасын қалдырған Жандарбек ағамыздың жолын Пахратдинге де берсін дегіміз келеді.

Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

...деген екен

ҰЛЫЛЫҚ

Бірде жазушы, филология ғылымдарының кандидаты Қалдыбек Сейдановтың үйінде ұстазы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Ғылымдар Академиясының академигі Мұқамеджан Қаратаев қонақ болады. Шәкірті геология және минерология ғылымдарының докторы, Өзбекстан Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі Натай (Насрулла) Әзімханұлы Кенесаринді, тағы бір-екі ғылым докторларын қонаққа шақырады. Үйге қонақтар кіріп келгенде Мұқан орнынан тұрып, көрісіп болған соң, Натай Әзімханұлына төрді нұсқап: — Аға, төрге шығыңыз! — дейді. Сонда Натай Әзімханұлы: — Төрге сіз шығыңыз, сіз академиксіз, мен бір баспалдақ төмендемін, — десе, Мұқан: — Кешіріңіз, сіз хан тұқымысыз, төр — сіздікі, — деген екен. Міне, қазақтың ұлылық дегені осы ғой.

ПАЙДАСЫ ЖОҚ ШЫНДЫҚ

Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі Өмірзақ Өзбеков бірде “Нұрлы жол” газетінің бас редакторы Қалдыбек Сейдановқа: — Қалеке, газетіңіздің 1997 жылғы алпыс екінші санында “Бостандық желі қарқынды есуде” атты бас мақалада бізге кішкене “тас” атқандай болыпсыздар, — деп өкпесін айтады. Сонда редактор Сейданов: — Иә, пайдасы жоқ шындық болса да, дегенмен журналист шындықты жазған, — деген екен.

НЕГІЗГІСІ — ШЫНДЫҚТЫ АЙТА БІЛУІҢ

Ыбырайымның ұлы ғылыми-зерттеу институтында аспирантураға түскенде қандай қуанған болса, ұлы аспирантураны тастап, Сырдария қаласындағы экспедицияға жұмысқа өткенде соншалықты ренжиді. — Балам, неге олай еттің, — деп реніш білдірсе, баласы: — Жалған тірлік шындықтан басым бола берген соң, шындық үшін “алысам” деп, жаза алғаным ғой әке, — дейді. Сонда әкесі: — Қазіргі қоғамда кей шындықтың пайдасы болмаса да, негізгісі — сол шындықты айта білгенің, — деген екен.

Құлназар ИБРАГИМОВ

Көрме

ӨМІР ӘЗІЛДЕРІ

Ташкент Фотосуретшілер үйінде Өзбекстан Көркемөнер бірлестігінің мүшесі қылқалам шебері Фурқат Усмоновтың 60 жылдық мерейтойына орай автордың сатира және юмор рухында 40-қа жуық кескіндеме және графика, сондай-ақ 80-нен астам А3 форматтағы графикалық жұмысынан құралған “60 жылдық өмір әзілдері” атты жеке көрмесі ұйымдастырылды.

Оның экспозициясына қойылған шығармашылық еңбекте өмірде кездесетін ділгірліктер, індеттер, ұлттық ерекшелікті, жаңауларда болатын түрлі жайттарды көруге болады. Суретші 1965 жылы Ташкент облысының Шыршық қаласында туылған. П.Беньков атындағы Республикалық суретшілік оқу орнында, Ташкент театр және суретшілік институтында оқыған. Көп жылдан бері Шыршық қаласындағы Бейнелеу өнері студиясында жастарға сурет салудан сабақ беріп келеді.

Хасан АБДУНАЗАРОВ, Ташкент қаласы.

Кеңес

КАРВИНГ — ЕРЕКШЕ ӨНЕР

Қазіргі таңда жалпы орта білім беретін мектептерде оқушыларды дербес өмірге дайындау, олардың бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру, берілген тапсырмаларды мұқият әрі нақты орындауға үйрету маңызды міндеттердің бірі. Бүгінгі қоғамның лайықты мұрагерін тәрбиелеу және тұлғалық дамуына ықпал ету — білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі.

Жалпы орта білім мен өндіріс саласын тығыз байланыстыру барлық пәндер үшін, соның ішінде жоғары оқу орнында оқытылатын “Технология және оны оқыту әдістемесі” пәні үшін аса маңызды. Білім беру саласындағы өзгерістер мен реформалар бастауыш сыныптардағы “Технология” пәніне деген жана көзқарасты талап етеді. Бұл пән аясында студенттер әртүрлі құралдарды пайдалану, сазбен және пластилинмен жұмыс істеу, аппликация жасау, қозғалысты ойыншықтар дайындау, түрлі-түсті қағазбен жұмыс істеу, тұрмыстық қалдық материалдарды кол-